

АйКүн. бөбекжай балабақшасы.

"Қош келдің Жаңа жыл"

"Балапан" ересек топ

Тәрбиеші: Тышимова А.Т

Жүргізуші: Жаңа жылдың таңы неткен арайлы

Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды

Жаңа жылмен құттықтаймын бәріңді

Бақыт шаттық молшылық әкелсін

Бәрімізге мына жыл арайлы ! Құрметті балалар, ата-аналар, қонақтар! Жаңа жыл құтты болсын!
Жаңа жыл құт береке әкелсін! Біздің: «**Қош келдің, жаңа жыл**» ертеңгілімізге қош келдіңіздер!
(Музыкамен балалар залға кіреді.)

Такпақтар:

Арлан: Оралдың өлкеме

Жаңа жыл армысың

Оранды ақ көрпеге

Асқар тау, қарлы шын

Алуа: Жылдың әнін бастайын

Аяз ата кеп қалды

Майысады жас қайын

Көтере алмай көп қарды

Дияр: Жасыл желек жамылған

Асыл моншақ тағылған

Міне, сұлу шыршамыз

Көптен күтіп сағынған

Кел, балалар келіндер,

Тамашаны көріңдер

Ән: «Қыс»

Әдемі әуен қосылады.

Қыс: Сәлем құрметті бүлдіршіндер, қонақтар.

Жаңа жылдың неткен арайлы,

Ақ мамыққа бөлеп алды маңайды.

Жаңа жылмен құттықтаймын бәріңді,

Бақыт, шаттық, молшылық әкелсін.

Жүргізуші: Қош келдің қыс мезгілі. Сені асыға күттік, өзіңмен бірге келетін осы мерекеніде күттік.

(музыка қлосылады)

Қыс: Ой балалар меніңше Аяз ата келіп қалған сияқты, қане бәріміз бірге шақырайық. Аяз ата келіңіз

Бізге сыйлық беріңіз. (бұғыларымен Гринч кіреді, қолында үлкен қапшығы бар)

Гринч: Ал балалар мені күткен жоқсындарма? Жаңа жыл тойлап жатырсындарма? Мына жаңа жыл жыл сайын өтеді, бәрін у-шу болып тойлайсындар, ал бұл шу менің басымды ауыртады, бұл мейрам маған ұнамайды. Сондықтан сендердің жаңа жылды тойлағандарыңды қаламаймын. Ха-ха-ха-ха, енді мына жерді тұман басады, себебі мен сиқыр жасап аяз атаны келмейтіндей еттім. Аяз ата жоқ енді, бәріңді ауыртамын ха-ха-ха

Гринч: Ұсқынсыз шырша деп аяғымен теуіп жібереді.

Қыс: Тоқтай тұр қалай сонда. Аяз ата келмейді, ол қайда?

Гринч: (дорбасынан кішкентай ойыншық аяз атаны алып шығады) Міне сендердің аяз аталарың. Ол Қатып кішкентай болып қалды, ол енді келмейді.

Қыс: Ой балалар уайымдамандар, қорықпандар. біз қалайда Аяз атаны қайтарамыз. Гринч сенің бір Ойлағаның бар сияқты, қане бізге айт.

Гринч: Сен өте ақылыд екенсің, дұрыс айтасың, менің сендерге айтатын тапсырмам бар. Бірақ сендер Оны орындай алмайтын шығарсындар.

Қыс: Қане көрейік, бірінші екеуміз бәрінің көзінше келісейік. Егер біз тапсырманды орындасақ жаңа Жылды тойлауға кедергі жасамай кетесің.

Гринч: Жаксы, мен сөзімде тұрамын, шамаларыңды көрейік.

1 тапсырма: Мені таң қалдыратындай өнерлерің болса көрейін.

Би: «Санта клоус»

Тақпақ:

Расул: Жаңа жылым мол болсын

Басқан қадам оң болсын

Төрле төрле жаңа жыл

Бізге құтты жыл болсын

Аяла Т: Тамаша, тамаша

Шыршамыз тұр жараса

Басында әсем жұлдызы

Көз тоймайды қараса

Назима: Жаңа жылды қарсы алдың

Мініп алып күймеге

Менде бүгін ән салдым

Араластым бигеде

2 тапсырма: Сендер мен қойған сұраққа тез жауап берулерің керек:

- Жаңа жыл сендерге ұнайма?
- Аяздан қорқасындарма?
- Сендер тентексіндерме
- Мен сендерге ұнаймынба?

Қыс: Көрдінбе Гринч біздің балалар бәріне жауап юереді.Ал енді сенде сөзінде тұр.

Гринч:Ммм,енді менің биімді қайталаңдар

3 тапсырма: Ойын:Тик-ток (балалар Гринчті қайталайды)

Гринч: Мен қалайша жеңіліп қалдым,мен жеңілдім сөзімде тұрамын.

Жүргізуші: Балалар жарайсыңдар,енді Аяз атаамызды шақырайық.Ең алдымен Гринч сиқырынды Қайтар.

Гринч: Жаксы балалар,сиқырын қайтарам-2 (шыршаның артында тұрған бос дорбаны әкеліп қояды)

Жүргізуші:Сен бізге дорбанды көрсет,мүмкін бізді алдап тұрған шығарсың. (Гринч дорбасын қағып көрсетеді,іші бос бос болады.Гринч ұялып жүгіріп шығып кетеді)

Жүргізуші: Қане балалар енді Аяз атаны шақырайық.

Балалар Аяз ата 3 рет айтады.

Аяз ата: Амансыңдарма балаларым,сендерді сағынып келдім,сендерге шақ жеттім деп күрсінеді.

Ақшақар: Я,балалар сендерді көрмей өаламызба деп қорықтық.

Қыс: Сіздерді құтқару үшін балалар барын салды.

Жүргізуші: Қане бәрін ұмыт өткен жайсыз сәттерді өткен жылға қалдырып жаңа жылды тойлайық.

Би: Ғарыш қонағы

Ән: «Шырша жыры»

Ойын: Ақшақар ойнатады (ата-анамен)

Такпак:

Бекет: Жаңа жыл,жаңа жыл

Жаңа жылда жаңа жыр

Жасыл шырша жанында

Билеп барлық бала жүр

Бексултан:Безендіріп шыршаны

Жыл куантты баршаны

Той маскарад басталды

Аяз оны басқарды

Раяна:Ақ қырауға малынған

Сақалы да мұртыда

Аяз ата сағынған

Сәлем берді жұртына

Би: Жұптар (ер балалармен)

Ән: «Келді міне,жаңа жыл»

Аяз ата:Ой,бәрекелді,балаларым.Әсем ән шырқап,би билеп аталарыңды бір куантып тасатдыңдар.

Мен сендерге көп сыйлықтар ала келдім.(таратып береді) Көп-көп рахмет,өркендерің өссін.Келесі

Жаңа жылда кездескенше, аман-сау болайық.

Ақшақар: Сау болыңдар, балалар, келесі жаңа жылда кездескенше.

Жүргізуші: Міне, құрметті ата-аналар, балалар! «Құтты болсын, Жаңа жыл» атты ертеңгілігіміз

Осымен аяқталды. Жаңа жыл құтты болсын, отбастарыңызға тек бақыт пен қуаныш ала келсін.

Сау болыңыздар!

